"Prof-Facade" ЖШС
ЖСН **161240012559**
Шымкент қ., Тел:8707-942-6686

ТОО "Prof-Facade"
БИН **161240012559**
г.Шымкент, Тел:8707-942-6686

«ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӘКІМШІЛІГІ» ММ-не
«Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің» РМК басшысына
«Prof-Facade» ЖШС-нен

Президент әкімшілігінің назарына! ***Осы арыздың қаралуын қатаң басшылыққа алуды сұраймын***.

«Prof-Facade» ЖШС №5776146-2, №5775580-2, №5774768-2 конкурстарына қатысқан болатын. Осы конкурстар бойынша конкурстық комиссия тарапынан бірнеше қателіктер орын алып, заң бұзушылықтар болған. Яғни, конкурстық комиссия Алдын ала рұқсат беру хаттамасын шығармай, конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушілердің құжаттары дұрыс болмаса да барлық қатысушыларды конкурсқа жіберген. Осылайша Қорытындылар туралы хаттаманы жариялаған. Алайда, бұл конкурстар бойынша алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасап, қатысушыларға сәйкестендіру құқығын беру қажет болатын.

Бұл жердегі үлкен мәселе конкурсқа қатысуға өтінім бергендердің ішінде шамамен 2-3 әлеуетті өнім беруші материалдық және еңбек ресурстарын толық ұсынып, конкурстық комиссиямен келісілген түрде сыбайластыққа барып отырғанға саяды. Осылайша, жоғары баға берген жеңімпаздыққа үміткер қатысушы тарапынан Ішкі аудит ұйымына арыз түсіріп, төмен баға ұсынған қатысушыларды конкурстан шеттету көзделіп отыр. Бұл жағдай басқа аудандарда бұған дейін бірнеше рет орын алғаны белгілі болса да, Жетісай ауданында алғашқы рет орын алып отырғаны ойға күдік салады.

Сондықтан, осы конкурстар бойынша жоғары бағамен конкурсқа қатысқан төмендегі әлеуетті өнім берушілердің кейбір кемшіліктерін тауып, оларды да конкурстан шеттету қажет екенін ескертеміз.

№/сип.	Өнім берушінің атауы	Өнім беруші тарапынан ұсынылған техникалар мен құрал жабдықтардың Конкурстың техникалық ерекшеліктеріндегі талаптарға сәйкес келмеуі
1	**"AlyStroyProekt" ЖШС**	1. Машины поливомоечные 9000л техникасы конкурс талабына сай ұсынылмаған. Б.Кабиевтен жалға алған поливомоечный машина 9000литр емес 5000л және "Қала көркейту"ЖШС-нен жалға алынған техника техпаспорты бойынша да келісімшарт бойынша да поливомоечная машина деп көрсетілмеген. 2. Автопогрузчик 5т техникасын конкурс талабына сай ұсынбаған. Яғни, Н.Оразовтан жалға алу келісімшартындағы техника техпаспорты бойынша фронтальный погрузчик болуына байланысты конкурс талабына сәйкес келмейді. 3. Біліктілігі туралы мәліметте Еңбек ресурстары конкурс талабына сәйкес ұсынылмаған. Ұсынылған әр бір еңбек ресурсы жеке жеке АӘТ көрсетіліп ұсынылуы тиіс.
2	**"Kazakh Teh-Stroy" ЖШС**	1. Машины поливомоечные 9000л техникасы конкурс талабына сай ұсынылмаған. "Корпорация Ақ ордасы"ЖШС-нен жалға алынған поливомоечный машина 9000литр емес одан төмен және "Қала көркейту"ЖШС-нен жалға алынған техника техпаспорты бойынша да келісімшарт бойынша да поливомоечная машина деп көрсетілмеген. 2. Еңбек ресуртарын ұсыну барысында Электросварщики Цеплаков В.И., Акипов Б.Н., Холстинин С.Я. мамандардың құжаттарының электронды көшірмесі ұсынылмаған. Қағидаға сәйкес ұсынылған әр бір еңбек ресурсы жеке жеке растаушы құжаттарымен көрсетілуі тиіс. 3. Сонымен қатар, біліктілігі туралы мәліметте ұсынылған 20 разнорабочийдың 16 адамының растаушы құжаттары ұсынылмаған.
3	**ТОО "Корпорация Асыл -Береке"**	1. Техникалық ресурстардың ешқайсысының растаушы құжаттары ұсынылмаған.
Сонымен қатар конкурсқа қатысқан барлық әлеуетті өнім берушілер конкурстың 1-3қосымшасында талап етілген ресурстарды толық ұсынбаған. Себебі, СӘЙКЕСТЕНДІРУ ҚҰҚЫҒын пайдалану мүмкін болмауына байланысты.		

Сізден осы конкурстың заңдылығын тексеріп, конкурстың қорытындысын осы күйінде **өзгеріссіз қалдыруды** немесе **конкурсты бұзуды** сұранамын.

«Prof-Facade» ЖШС директоры **Т.З.Жаимбетов**